



ЕЛ ЖҮРЕГІ



АСПАҢДАЙ БЕР, АСТАНА!

6

МӘСЕЛЕ



ТІЛ ҚАТШЫ, БАЛАМ...

8

ТЕАТР



«МЕНІҢ МҰСТАФАМ!...»

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.07.2022

Түнде:



+17+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+30 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

6.07.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+30 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №77 (6212) 5 шілде, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛМАТЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі
Ерболат Досаевты қабылдады



Мемлекет басшысына Алматы қаласының биылғы қаңтар-мамыр аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есеп берілді. Сондай-ақ, қала әкімі экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге қатысты Президент тапсырмаларының орындалу барысы жөнінде баяндады.

2

ӘКІМ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Шаһарды дамыту жоспары талқыланды



Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің бастамасы бойынша қала басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар жобасы талқыланды. Кездесуге Қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, сарапшылар қауымдастығының өкілдері қатысты.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Еуропа одағының президенті Шарль Мишельмен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.
- Алматының даму жоспары күркірейек айына дейін бекітіледі.
- Алматыда ведомстволық бағынысты компаниялар мен мемлекеттік органдар арасында коммуникацияны арттыру үшін бірыңғай платформада қаланың цифрлық егізі құрылады.
- Мегаполисте жыл сайын кемінде 35 ірі бұқаралық іс-шара өтетін болады.
- Қалада жылына 1 млн шетелдік турист қабылдауға жоспар құрылды.
- Алматыда қаланың жаңа бренді жасалады.
- Шаһардағы барлық аулаларға камера орнату жоспарлануда.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



АҚОРДА

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА
КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барша қазақстандықты Ұлттық домбыра күнімен құттықтады, деп хабарлайды Ақорда.

«Бұл – еліміз үшін ерекше мейрам. Оны ел болып атап өту арқылы халқымыздың рухын көтеріп, танымын арттырамыз. Сондай-ақ, ұлы дала дәстүрлерін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, төл өнеріміздің құдіретін танытамыз», – деді Президент.

Шын мәнінде, қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Академик Ахмет Жұбанов «Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі» деп бекер айтпаған. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр. Сонау Кетбұғадан бері жалғасып келе жатқан дәулескер күйшілеріміздің мол мұрасы – баға жетпес рухани байлығымыз. Біз төл өнерімізді дәріптеу арқылы асыл құндылықтарымызды ұлықтай түсеміз, деп жалғастырды Мемлекет басшысы.

«Қазір Жаңа Қазақстанды құруға кірістік, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруды қолға алдық. Өркениетті ел болу үшін жаңа дәуірдің жақсы үрдістерін бойға сіңіру жеткіліксіз. Сонымен бірге, салтымызды сақтап, еңбекқорлық құндылықтарын кеңінен дәріптеп, бабалар жолын берік ұстанамыз», – деді Мемлекет басшысы. Ол жұртымызбен бірге домбыра да мәңгі жасайтынын, күй өнері азаттық рухын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратынын айтты. «Домбыра әр шаңырақтың төрінде тұрсын! Еліміздің мерейі тасып, абыройы асқақтай берсін!», – деді Президент.

Ұлттық домбыра күні алғаш рет Қазақстанда 2018 жылдың шілдесінде тойланды. Содан бері шілденің алғашқы жексенбісінде мейрам құрметіне концерттер мен мерекелік шаралар өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАБЫЛДАУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
АЛМАТЫНЫҢ ДАМУ
ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

(Басы 1-бетте)

Шаһар басшысының айтуынша, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,6 пайызға дейін өскен, негізгі капиталдағы инвестициялардың өсімі 20,9 пайыздан асқан, сауда-саттық калпына келтірілген, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 19,5 пайызға артқан.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары және 2030 жылға дейінгі

орта мерзімді перспективалар» жобасы ұсынылды.

Мемлекет басшысына Абай даңғылының оңтүстігінде, таулы және тау бөктеріндегі аймақтарда 9 қабаттан биік ғимараттардың құрылысын жүргізуге тыйым салатын жаңа ережелердің қабылдануы, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымды жаңарту жоспары туралы мәлімет берілді.

Ерболат Досаев маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге, оның ішінде «Алматы жастары» бағдарламасы аясында жұмыс істейтін жастарға тұрғын үй

сатып алуға, медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтандыру сапасын арттыруға, сирек кездесетін ауруларды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге, балаларға арналған спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерін қаржыландыруға қаражат бөлінгенін жеткізді.

Кездесу соңында Президент Алматы қаласын одан әрі дамыту және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ІС-ШАРА

«ДОМБЫРА PARTY»
ӨТТІ

Наурызбай ауданы әкімдігі ғимаратының алдында, ашық аспан астында 100 домбырашы баланың қатысуымен «Домбыра party» ұйымдастырылды.



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ



Еліміздің әр облысында ұйымдастырылып жатқан мұндай шараны алматылықтар алғаш рет өткізіп тұрған жоқ. Осыған дейін де домбырасын иығына іліп, шаһарды әнмен тербеген өнерлі жастар бірнеше рет бас қосқан болатын.

Аталған шараға Жан басына қаржыландыру бағдарламасы аясында жұмыс жасайтын аудандағы 32 білім орталығында тегін өнер, спорт үйірмелеріне қатысатын балалар өнер көрсеткен.

«Ұлт аспабы – ұлық домбыраны мемлекеттік деңгейде мерекелеу елдің еңсесін көтеріп, халықтың рухын оятады. Жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматтың өмірінде дала сарыны мен көшпелі қазақтың шежіресін шерткен қасиетті қара домбыраның орны мен маңызы ерекше», – дейді ұйымдастырушылар.

Өрелі де текті өнер иелері мен өнер сүйер қауым барда күмбірлеген күй мен жыр төгілген қасиетті домбырамыздың дүбірі рухымызды еселеп, елдігімізді еңселі ете отырып, ғұмырын мәңгі етері хақ! Сан ғасырдың сырын күмбірімен жеткізген бірегей ұлттық аспабымыз, қара домбырамызды барынша ұлықтай білейік!



ӘКІМ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Шаһарды дамыту жоспары талқыланды

Динара
МҰРАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі өз сөзінде ағымдағы сыртқы және ішкі сын-қатерлер алдағы жылдарға арналған жоспарларды елеулі түзетуді талап ететінін атап өтті. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде Алматыны дамыту орталығы мен түрлі салалардағы 40-тан астам тәуелсіз сарапшылар біздің қаржылық және өзге де мүмкіндіктерімізді ескере отырып, Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды және сонымен қатар қол жеткізуге болатын мақсаттарын тандады.

Алматының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар жобасы 27 маусым мен 1 шілде аралығында жалпы талқылауда болды. Осы уақыт ішінде қала тұрғындары 1280 ұсыныс пен түсініктеме жіберді.

«Қала тұрғындарымен талқылаудан кейін біз анықтаған ұсыныстар мен толықтырулар қаланың 2025 жылға дейінгі даму жоспарын және оның 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын әзірлеу кезінде ескерілетін болады. Біздің басты мақсатымыз – мегаполистің барлық тұрғындарының өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, жайлы, инклюзивті және қауіпсіз қалалық ортаны құру. Мақсаттар мен міндеттер қалалықтардың сұраныстарына негізделі отырып, нақты және түсінікті КРІ түрінде қалыптасты», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Кездесу барысында Алматы қаласының әкімі қаланың негізгі сын-тегеуріндері мен проблемалық мәселелеріне тоқталып, алдағы жылдарға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттерді ұсынды, сондай-ақ қоғамдық кеңес өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Шаһар басшысының айтуынша, терең талдау жүргізіліп, Алматы үшін негізгі сын-қатерлер анықталды. Бүгінгі күні қала үшін басты мәселе – халықтың нақты кірістерінің өсуінің болмауы және инфляциялық күтулердің сақталуы, жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі мен жоғары өнімді жұмыс орындарын құру қажеттілігі.

Сондай-ақ, біз қолданыстағы **әлеуметтік инфрақұрылымға** айтарлықтай күш түскенін көріп отырмыз. Мектептер (19,6 мың) мен балабақшаларда (41,2 мың) айтарлықтай орын тапшылығы бар, 60%-дан астам мемлекеттік емханалардың әдеттегіден 1,7 есе жүктелуі байқалады.

Осыз да халық көп қалаға күн сайын келетін 230 мың автокөлік пен 460 мыңнан астам адам Алматының жол-көлік инфрақұрылымына шамадан тыс салмақ салып отыр.

Қаланың тұрғын үй қорының тозу деңгейі де жоғары. Бүгінде Алматыда 75 мыңға жуық қала тұрғыны тұратын тұрғын үй қорының 20%-ы, яғни 1,7 мың ескірген және апатты үй реновацияны немесе толық қоныс аударуды талап етеді.

Сын-қатермен қалай күресеміз?

Осы сын-қатерлерге жауап ретінде, сондай-ақ қала дамуының қазіргі заманғы трендтерін ескере отырып, әкімдік Алматы қаласын дамытудың мынадай 7 негізгі басым бағыттарын ұсынды:

1. 15 минуттық қолжетімділіктегі инфрақұрылыммен және аудандардың көлік байланысымен орамдық жоспарлауды енгізу арқылы жайлы қалалық орта құру.

2. Жоғары еңбек өнімділігінің және жайлы бизнес-ортаны қалыптастырудың арқасында орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

3. Қала мен Алматы агломерациясын теңгерімді дамыту арқылы басқарылатын урбандалуға қол жеткізу.

4. Қолжетімді және сапалы әлеуметтік инфрақұрылымы бар тең мүмкіндіктердің инклюзивті қаласын құру.

5. Таза ауа, болашақ ұрпақ үшін қолайлы



экологиялық ортаның арқасында «Жасыл Алматы» мәртебесіне қол жеткізу.

6. Алматы «Смарт сити» болуы тиіс. Шаһар «Үлкен деректер» аналитикасын пайдалана отырып, цифрлық шешімдер негізінде басқарылатын қалаға айналуы тиіс.

7. Қауіпсіздік – біздің азаматтарымыздың жайлы өмір сүруінің негізі. Біздің табиғи жағдайымызды ескере отырып, біз ықтимал табиғи апаттарға дайын болуымыз керек.

«Шетсіз қала» ұстанымы жалғасын табады

Соңғы онжылдықтарда қала негізінен тау бөктеріне жақын орталық және жоғарғы (оңтүстік) бөлігінде дамыды. Халықтың өмір сүру сапасындағы айырмашылық пен қаланың Райымбек даңғылынан жоғары және одан төмен болып бөлінуі анық байқалады.

Алматының дамуындағы теңгерімсіздікті жою үшін полицентрлік қағидаты бойынша барлық аудандардың өмір сапасын бір деңгейге жеткізу қажет. Мегаполисті орталықтандырып дамыту үшін 5 жаңа орталық – **батыс, солтүстік, оңтүстік-батыс, шығыс қақпасы және тарихи орталық** дамитын болады.

Осы маңызды міндетті іске асыру үшін биылғы жылдың соңына дейін Алматының 2040 жылға дейінгі жаңа бас жоспары әзірленіп, қабылданатын болады.

Қысқа мерзімді басымдықта – индустриялық аумақтар мен ескі және апаттық жағдайдағы тұрғын үйлері бар аумақтарды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін Солтүстік және Шығыс орталықтарын дамыту, сондай-ақ Баум тоғайы базасында, УАК мен өзен арналарының бойында, Зеленстрой аумағында, логистикалық хабта, әуежай ауданында, көрме-ойын-сауық орталығында жаңа қоғамдық аймақтар құрылады.

Тарихи орталық бойынша Алматы үшін тарихи-мәдени маңызы бар ғимараттарды қалпына келтіру және жөндеу, абаттандыруға қатысты жеке бағдарлама бекітіледі.

Батыс орталығында индустриялық және көлік-логистикалық хабтарды дамыту жалғастырылады, ал бүгінде тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым жаппай салынып жатқан оңтүстік-батыста шағын өнеркәсіптік парктер орналастырылады.

Жаңа вокзал салынады

Экологияға кері әсерді төмендету шеңберінде қаланың қоғамдық көлігі электр тарту мен газға ауыстырылатын болады. Қалалық автопарк жаңартылады. 2030 жылы 1000 жана автобус пен троллейбус сатып алу есебінен және тасымалдау сапасын арттыру үшін жаңа тарифтік саясат енгізіледі.

Агломерациядан келіп, негізгі қақпалардан кіретін трафикті жеңілдетуге бағытталған **4 көлік-ауысып отыру** хабын ұйымдастырамыз.

Батыс бағытта 3 жаңа метро станциясы салынады. Алматы метросын одан әрі дамыту аясында солтүстік бағытта Алматы-1 теміржол вокзалына дейін метроны ұзарту бойынша ұсыныстар дайындалады.

Қала мен қала маңындағы көлік байланысын жақсарту үшін қосымша қала маңынан қаладағы көлік хабтарына дейін 30 маршрут, Алматы-2 станциясынан Қонаев қаласына дейін Электр пойызы іске қосылып, Алматы-3 теміржол вокзалының құрылысы басталады.

Таза ауа – денсаулық кепілі

Бүгінде қаланың экологиясына көлік, көмірмен жұмыс істейтін ЖЭО және агломерациядағы газдандырылмаған жеке сектор барынша **теріс жүктеме** түсіреді.

Ауа сапасын жақсарту мәселесін шешу үшін біз ЖЭО-2-ні газға ауыстырудың бірінші кезеңі 2024 жылға дейін, екінші кезеңі 2027 жылға дейін аяқталады деп жоспарлануда. Сондай-ақ, Алматыдағы жеке секторды 100% және агломерациядағы 82 мың жеке үйді екі кезеңде газдандырылады.

Нәтижесінде атмосфераға жиынтық

шығарындылар 2025 жылға қарай 113 мың тоннаға дейін, 2030 жылға қарай 78 мың тоннаға дейін төмендетілетін болады.

Қауіпсіздік – даму тірегі

Бүгінде Алматы Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтар саны бойынша 1-орында (10 мың тұрғынға шаққанда 192) тұр. Қауіпсіздік тек қала тұрғындары мен қонақтары үшін ғана емес, сонымен қатар қала экономикасы үшін де маңызды, өйткені инвестиция тарту кез келген қаланың мүддесі. Инвесторлар мен туристер өздерін қауіпсіз сезінуі керек.

Ол үшін қала бейнебақылаумен толығымен қамтамасыз етіледі. Барлық көшелер мен аулалар 2025 жылға дейін жасанды жарықпен, ал 2030 жылға дейін полиция департаментінің жедел басқару орталығына шығарылған бейнекамералармен қамтамасыз етіледі.

Қалада полиция учаскелері жетіспейді, сондықтан қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша жаңа полиция учаскелері ашылады.

«Енді біздің алдымызда өзге бір үлкен міндет тұр. Бұл идеялардың барлығын жүзеге асыру, алматылықтар алдындағы міндеттемелерді жаңа экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайда орындау. Осы ұсыныстар мен сіздердің идеяларыңыздың барлығын тиімді іске асыру Жаңа Қазақстанды дамытудың кепілі болады деп есептеймін. Мұндағы басты мақсат – біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасын әрі олардың әл-ауқат деңгейін арттыру болып табылады», – деді Ерболат Досаев.

Алматы қаласын дамыту жоспары келесі 2 ай ішінде – ағымдағы жылдың 5 қыркүйегіне дейін бекітілетін болады.

Алматының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар жобасы танысу үшін Алматы Даму орталығының сайтында қолжетімді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



САНА ТАЗАРМАЙ – ҚАЛА ТАЗАРМАЙДЫ

АЛМАТЫНЫ АЯЛАП ҰСТАЙЫҚ!

Экология және қоршаған орта басқармасының қызметкерлері қала аумағындағы демалыс орындарына тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл желектерді суаруды қолға алды.



тазалық – денсаулықтың басты кепілі екенін түсінбейтін жандар жетерлік. Үйінен шығарған қоқысты арнайы орынға тастамайтын, көшеде келе жатып қолындағы қажетсіз затын кез келген жерге лақтыра салатын азаматтар көп. Қоғамдық орындарда да солай. Қазір елеусіз, қалтарыста қалатын ештеңе жоқ. Әлеуметтік желі арқылы Алматының қай бөлігінде қандай жағдай болып жатқанын білуге болады. Мәселен, өткен аптада белсенді оқырмандар «Тереңқұрдағы» тазалық мәселесіне көңіл бөлуді сұраған болатын.

Экология және қоршаған орта басқармасының мәліметінше, жаздың аптап ыстығында алматылықтар үшін таптырмас демалыс орнына айналған «Тереңқұр» аумағына тазалық жұмыстары жүргізілген. Қаламыздың тазалығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген тазалықшылардың көмегімен аймақ толығымен қоқыстан тазарды. Жұмыс барысында ақаулары бар құрылғылар қалпына келтіріліп, ағаштардың жарамсыз бұталары кесілді, жасыл желектер суарылды.

«Тереңқұр» қоқыстан тазарды

Алматы – әдемі қала. Оның атына заты сай болуы үшін бізге ең бірінші қаланың тазалық

мәселесіне көңіл бөлуіміз қажет. Бірақ қала тұрғындары арасында маңайына немқұрайлы қарайтын,

ЖАҒАЛАУ

«Есентай» да естен шыққан жоқ

Алматының төріндегі Есентай өзені осыдан 4-5 жыл бұрын қайта жаңғыртылып, жан-жағы абаттанған болатын. Таудан құлаған суы сылдырай ағып, өзен табаны тақтайдай тегістелген соң Хамит Ерғали жағалауының үстіңгі жағы жайнап шыға келген-ді.



Қос жағалауына асфальт төселіп, ашық алаңқайларына түрлі ағаш көшеттері отырғызылды. Көздің жауын алатын алқызыл гүлдері алыстан көз тартатын. Бүгінде кешкі салқынмен өзен жағасында серуен құратындардың саны артқан.

Осыны ескерген тазалықшылар «Есентай» өзенінің аумағын күл-қоқыстан тазартты. Аймаққа эстетикалық көрініс беру мақсатында қызылды-жасылды гүлдер

отырғызылып, аптап ыстыққа шыдамай сарғайып кеткен шөптер шабылды. Жасыл қорға жан бітірген жұмысшылардың арқасында өзеннің жағасы бірдемде құлпырып кетті.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

Саябақтарға сән кірді

Жасыл желектерге байланысты сөз болғанда біздің ойымызда бірден шөбі құрап, гүлі солып қалған аймақтар еске түседі.



Әйтсе де, бұл дұрыс емес. Әйткені, қала аумағында айналасы жап-жасыл болып жайнап жатқан жерлер, нақтырақ айтқанда, саябақтар баршылық. Солардың бірі – «Южный» саябағы. Тұрғындар соңғы күндері мұнда жиі келетін болған. Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының әлеуметтік желідегі парақшасында саябақ аймағындағы жасыл қордың жайқалып тұрғанын көруге болады. Арнайы құрылғылармен суарылатын аймақ жайнап тұр. Көрсен көзің тойтын жасыл аймаққа қарап, мұнда жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын байқауға болады.

Иә, тазалық бар жерде – қоршаған ортаға зиян жоқ. Ендеше, сіз бен біз болып құтты мекенге айналған Алматының тазалығын басты назарда ұстайық.

Демек, сана тазармай, қала тазармайды. Егер әр адам тазалықты өзінен бастар болса,

қаламызда тазалық жөнінен мәселе болмайды. Ендеше, тазалық – баршаға ортақ. Сондықтан кез келген алматылық үшін қала тазалығы бірінші орында тұруы тиіс.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Алматы эпидемиологиялық жағдай бойынша «сары» аймаққа өтті. Бұл туралы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев мәлімдеді.

«САРЫ» АЙМАҚТАМЫЗ

Мегаполисте 16 маусымнан бастап коронавирус жұқтырғандар саны артқан болатын. Зерттеулер бойынша бүгінде COVID-19 жұқтырғандардың көбеюіне стелс-омикрон әсер етіп отыр.

Елімізде COVID-19 жұқтырғандар көрсеткішінің артуын ескере отырып, Қазақстан аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия қосымша шаралар қабылдау қажеттігі туралы шешім қабылдаған болатын. Осы шешімге сәйкес, «сары» аймақтағы өңірлер төмендегі шараларды қатаң сақтау қажет:

- науқаспен тығыз қарым-қатынаста болғандарды қашықтан жұмыс істеу форматына көшіру;
- COVID-19-ға қарсы екпе салдыруға болмайтын қызметкерлер мен жүкті әйелдерді қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру;
- жабық жерлер мен қоғамдық көлікте міндетті түрде бетперде тағу;
- 10-нан аса адам қатысатын жиналыстарды онлайн форматта өткізуді ұсыну;
- Сондай-ақ, аймақтың эпидемиологиялық ахуалына қарамастан, әуеде, ТЖ көліктері мен халықаралық автобустарда бетперде тағу ұсынылады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жастар жұмыссыз қалмасын

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының «Атамекен Алматы» РКП-да «Сәтбаев университетінің жаңа білім беру бағдарламаларымен таныстыру» атты баспасөз конференциясы өтті. Аталмыш конференция барысында Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің жаңа білім беру бағдарламалары Startup бакалавриат, Бизнес инжиниринг, Цифрлық логистика, Тау-кен металлургия кешеніндегі MBA таныстырылымы мен жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесі сөз болды.



Конференция жұмысын аталмыш оқу ордасының академиялық сұрақтар жөніндегі проректоры Бақыт Жәутіков жүргізіп, оқу ордасының негізгі бағдарламаларына тоқталды. Осы мақсатта шетелдік ірі оқу орындарымен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыстардың оң нәтижелері де әңгімеге арқау болды.

– Біздің оқу орнын бітірген мамандарға қашаннан сұраныс жоғары. Екі қолға бір жұмыс табылады. Біздің оқу орнын бітірген жас мамандарды еліміздің түкпір-түкпірлеріндегі ірі өндіріс орындары, кәсіпорындар, мұнай саласы, шахталар мен кен орындары жиі шақырып жатады. Біз тек білім берумен шектелмейміз, оларды тәжірибе жүзінде де шыңдаймыз. Сол үшін студенттерімізді әрбір курс сайын Қапшағайдағы базамызға тәжірибеден өтуге жібереміз. Біздің оқу ордамыздағы студенттердің 70 пайызы басқа өңірлерден келгендер. Оқу бітірген соң, олар сол өңірлерге барып, қызмет етуі керек қой. Сондықтан оларға басқа қалалардан баспана мен жоғары жалақы берілсе, жастар сөзсіз барар еді. Бүгінгі жиында барлық кәсіпкерлерді осы мәселені бірлесе көтеруге шақырамын, – деді Бақыт Ахатұлы.

Келесі кезекте сөз алған Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов бұл бастаманы қызу қолдап, бірлесе еңбек етуге дайын екенін білдірді. Сонымен қатар, оқу ордасының жобалар жөніндегі институт директоры Бақытжан Әміралинова, «Менеджмент пен математикалық экономика» кафедрасының меңгерушісі Әлия Төрегелдинова, «Логистика» кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Мұқанова сөз алып, білім саласына қатысты өз ой-пікірлерімен бөлісті.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ДЕМАЛЫС ОРНЫ

«САЙРАН» ТАЗАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алматы төрінде орналасқан Сайран жасанды көлінен алынған су сынамаларының нәтижесінде ағзаға қауіпті ішек таяқшаларының деңгейі шектен тыс артып кеткені белгілі болды. Бұл туралы көпшілік жиі баратын көлге зерттеу жүргізген Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары айтып отыр.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осыған орай су қоймасынан суды толықтай ағзып жіберіп, тазарту туралы шешім қабылданды. Ол үшін 2-3 күн кетеді.

Судың ластану көзін анықтау және тиісті іс-шараларды қабылдау үшін құрамына аудан әкімдіктерінің (Алматы, Әуезов),



полиция бөлімінің, аудандық СЭБ, ТЖД мамандары мен экологтар кірген жұмыс комиссиясы құрылды.

СЭБД мәліметіне сүйенсек, бұл кезеңде резервуар түбін биологиялық және химиялық тазалаудың қосымша арнайы әдістері

қажет емес. Арнайы құрылған комиссия жұмысы аяқталып, лас тану көзі нақты анықталған соң, Сайранға қайтадан таза су толтырылады. Сондықтан жергілікті билік алматылықтар мен қала қонақтарын алдағы күндері әзірге суға түспей тұруын сұрайды.

ТАРТУ

Ел жүрегіндегі Елорда

Бізбен іргелес жатқан Жетісу облысының кіндік қаласы – Талдықорғанда бүгінде «Астана» деген даңғыл бар. Бұл көше 2018 жылы елорданың туған күні құрметіне, яғни астананың 20 жылдығына орай ашылған болатын.



Талдықорғанның жаңадан пайдалануға берілген шағын-аудандарына дәл сол мерейлі күні бірнеше жаңа атау берілген еді. Атап айтсақ, «Астана» атауын иеленген даңғылдан бөлек, аса көрнекті қазақ тарихшысы Қадырғали Жалаиридың, жергілікті Еңбек Ерлері Бәйкен Әшімов пен Зылиха Тамшыбаеваның атына көшелер берілді.

Облыстағы зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, қала тұрғындары қатысқан салтанатты жиында, сондай-ақ, талдықорғандық отбасылар жаңа пәтерге ие болып, бірқатар азамат мерейтойлық медаль алған болатын. Салтанатты жағдайда пәтер кілтін иеленіп, қуанышқа кенелгендер қатарында көпбалалы отбасылар, I, II топтағы мүгедек жандар, толық емес отбасылар, зейнеткерлер, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген азаматтар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар болған еді. Сол күні жалпы саны 180 отбасы осындай баспана қуанышына кенелген-ді.

Иә, елорда – елдіктің, береке-бірліктің символы іспеттес. Біздің ақбас Алатаудан сонау Арқа жеріне көшкен астанамыз осылайша көптің қуанышына ортақтасып, талай отбасының мерейін әлі үстей түсуде. Ал талдықорғандықтар бүгінде Астана даңғылы бойымен күнде жүреді. Демек, елорда мың сан жүректе деген сөз.

АКЦИЯ

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастамасымен оқушылар үшін ҚР ПМ-ның Кинологиялық орталығына экскурсия жүргізілді.

Кинологтар жұмысымен танысты

Акция «Салауатты ұрпақ – ұлт болашағы» деген тақырып шеңберінде Халықаралық нашақорлықпен және есірткі саудасымен күрес күніне орай ұйымдастырылған. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері Кинологиялық орталықтың жұмысымен танысты.

Алматы қаласы ПД баспасөз қызметінің хабарлауынша, жасөспірімдерге арнайы үйретілген қызметтік иттердің есірткіні, жарылғыш заттарды қалай іздеп табатыны туралы, яғни ақылды иттер мен кинологтардың жұмысы көрсетілді.

Сондай-ақ, балаларға қызметтік иттердің тұқымы мен әдеттері, қызықты қылықтары туралы да әңгімеленді.

Нұр ЖАМАЛ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Алатау ауданындағы «Бақорда» базарының аумағында орналасқан құрылыс заттарын сататын сауда нүктесі өртенді. Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, 3 шілде, түнгі 03.10 шамасында өрт сөндіру бригадасы «Бақорда» базары аумағында орналасқан құрылыс заттарын сататын сауда орнына жоғары ранг бойынша шықты.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА



ЗАУЫТ

Отын өндіретін зауыт салынбақ

Алматыда 2030 жылға дейін тұрмыстық қатты қалдықтардан отын өндіретін зауыт салынады. Бұл туралы Ерболат Досаев Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарын талқылау барысында айтты.

«Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және кәдеге жаратудың бірыңғай жүйесін құру қажет. Оның маңызды бөліктері – 2 жаңа қоқыс тиеу станциясы, полигон, сондай-ақ өңдеу зауыты болады. 2030 жылға дейін қалдықтардан отын өндіру зауытын салу жоспарланып отыр және қоқысты бөлек жинауды 10%-ға дейін жеткіземіз», – деді шаһар басшысы.

Ерболат Досаевтың айтуынша, осы мәселеге байланысты қалалықтардың да ұсынысы назарға алынады. «Қала тұрғындары қоқысты бөлек жинау, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және экомәдениетті дамыту мәселелерін жиі көтеріп, ұсыныс білдіреді. Бұл ұсыныстардың барлығы егжей-тегжейлі қарастырылып, қаланы дамыту жоспарын одан әрі әзірлеу кезінде ескерілетін болады», – деді қала әкімі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Шаһардың цифрлық егізі құрылады

Алматыда ведомстволық бағынысты компаниялар мен мемлекеттік органдар арасында коммуникацияны арттыру үшін бірыңғай платформада қаланың цифрлық егізі құрылады.

Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарын талқылау барысында айтты.

Ерболат Досаевтың айтуынша, Алматының цифрлық егізіне көлік, экономикалық, экологиялық және құрылыс деректері енгізілетін болады. Сондай-ақ, үлкен деректерді талдау негізінде қаланы дамыту сценарийінің функционалы бар платформаны енгізу жоспарлануда. «Бұл халықтың қалалық инфрақұрылым объектілеріне қажеттілігін болжауға және жалпы қаланы басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. 2030 жылға дейін қалалық қызметтің барлық сервисі онлайн және смартфон арқылы қолжетімді болады. Бұл ретте қала тұрғындары барлық ұсынылған қызметтерді тікелей бағалай алады», – деді шаһар басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Тілсіз жау шарпыды



«Оқиға орнына 8 минутта келген өрт сөндірушілер шатыр астына қатарлап кесілген ағаш материалдарының ашық жалынмен жанып жатқанын анықтады. Қызыл жалынның «Бақорда» сауда орталығына таралу қаупі туындады. Дереве өрт орнында жедел штабтың жұмысы басталды, өнімділігі жоғары өрт оқпандары енгізілді, өрт автопойызы іске қосылып, сондай-ақ үйінділерді алып тастау үшін құтқару қызметінің ауыр-шынжыр табанды техникасы тартылды», – деп хабарлады департаменттен.

Қабылданған жедел шаралармен қызыл жалын бір сағат ішінде оқшауланып, жалпы ауданы 2 мың шаршы метрді шарпыған өрт таңғы 06.35-те толығымен сөндірілді. Өртті сөндіруге 21 бірлік техника мен жеке құрамнан 64 адам жұмылдырылды. Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрттің шығу себебі анықталуда.



ЕЛ ЖҮРЕГІ

АСПАҢДАЙ БЕР, АСТАНА!

Алматы өзіңе әрдайым тілекші

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Астана – Алматыдан енші алып шыққан қала. Иә, қыранның қос қанатындай болған екі қаланы бір-бірінен бөле-жара қарау мүмкін емес. Алматы – Қазақстанның Тәуелсіздігі ресми түрде жарияланған қала.

Елеулі күн

Егемендік алған бірінші жылдан-ақ ел астанасын Алматыдан басқа қалаға көшіру туралы мәселе көтерілгенде, «Сайын далада елорда тұрғызу деген миға кірмейтін дүние!» деген пікірлер айтылғаны жасырын емес. Сондай-ақ, ол пікірді қолдаушылар қатары да аз болған жоқ. Таразы басын күмән мен күдік басып тұрған толқымалы кезең еді ол. Себебі, елорданы ауыстыру бастамасы мемлекет дамуының күрделі кезеңіне тап келген болатын. Алайда, әлеуметтік-стратегиялық шешімнің дұрыс әрі мемлекет болашағы үшін маңызды екеніне нық сенгендер де аз болған жоқ.

Елорданың қазіргі Нұр-Сұлтан қаласына (бұрынғы Ақмола қаласы) көшірілген ресми күні 1997 жылғы 10 желтоқсан болып саналады. Дәл осы күні ел астанасы Алатаудан Арқаға көшірілді. Жаңа астананың алғашқы кірпішін қалау үшін жолға шыққан отандастар «Алматыға сыймай емес, қимай кетіп барамыз» деп, бауыр басып қалған Алматысынан кіндіктерін үзіп кете алмай, сондырына қарайлай-қарайлай аттанған-ды. Бірақ «Тәуекел түбі желқайық», біз патриоттық сезім тұнған жүреппен, бәріміз бірге тым қысқа уақыт ішінде-ақ жаңа астананы тұрғызып үлгердік!

Кез келген мемлекеттің бас қаласы болуы заңды. Өйткені, ол ел егемендігі мен дербестігін айшықтайтын бірден-бір белгі. Мемлекет деген ұғым қалыптасқалы бері «астана» деген ұғым да қатар келе жатқаны сондықтан.

Депутаттар алдында жасаған тарихи баяндамасында Елбасы Ақмола қаласының тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып таңдалуының 32 негізгі өлшемін көрсетіп берген болатын. Олар әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, көлік инфрақұрылымы, инженерлік-коммуникациялық, құрылыс, еңбек ресурстары және басқа да қолайлы мүмкіндіктер еді. Сөйтіп, бас қаламен бірге республиканың барлық аумағында жедел даму процесі басталды.

«Әлем қаласы»

1998 жылғы 6 мамырда қаланы Астана деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойылды. Ал маусымда халықаралық деңгейде таныстырылымы өтті.

Бастапқыда Қазақстанда Астана күні 10 маусымда аталып өтті. Алайда, 2006 жылы қала күні 6 шілдеге ауыстырылды, өйткені дәл осы күні 1994 жылы Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі ел астанасын көшіру туралы қаулы қабылдаған болатын.

1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшелігіне енді. Әлемдік қауымдастық Астанамен бірге Қазақстан секілді байтақ елдің бар екенін білді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ



Қазір елорда кіндігі – Нұр-Сұлтан әлемдегі ең үздік қалалардың қатарына кірді. Сондай-ақ, жаһан түгел көз тіккен айтулы іс-шараларды абыроймен атқарып келеді. Бұған баршамызға мәлім, ЕҚЫҰ саммиті, VII Қысқы Азия ойындары, ИКҰ форумы, Астана экономикалық форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері толық дәлел бола алады. «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі де елорданың ғана емес, егемен еліміздің абыройын әлем алдында паш етті. Яғни Батыс пен Шығыс өркениетін жалғастыратын алтын көпір атанған ару астана әлемдік деңгейдегі саяси ірі орталыққа айналып үлгерді.

Нұр-Сұлтан – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.

Әлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан. Моңғолия астанасы Ұлан-Батор қаласы – Енисей, ал біздің астана Есіл өзенінде орналасқан.

Өсу, өрлеу жолында

Иә, елорда – жылдам дамып келе жатқан әлемдегі бірегей қала. Ерекше елорданы тамашалауға келетін шетелдік туристер саны да бүгінгі таңда айтарлықтай артқан. Мұның барлығы елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың нәтижесі.

Өзіміз де демалыс алғанда бала-шағамызбен елордаға баруға асығып тұрамыз. Балалар, әсіресе, мың сан бояулы, жарқ-жүрк еткен қызығы көп, бірден елітіп әкелер, биіктігі 105 метр болатын, салмағы 1000 тоннадан асатын, металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «Бәйтерек ағашына» шығуға құмар. Кешеннің үстінгі жағында орналасқан алып шар диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна. Ал

«Хан Шатырының» қызығы бөлек әңгіме. Дәл балалар әлеміне лайықтап салынған бұл кешен кірсең, шыққысыз, ішінде бәрі бар. «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы салмағы 2300 тонна болатын металл қондырғылардан тұрғызылған. Шатыр биіктігі 150 метрге дейін жетеді.

Иә, үлкен тұрмақ, бала жүрегінен де орын алған астананың төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Дәл қазір Астанада заманауи құрылыс саласының барлық құрылымын қамтитын еліміздің жаңа құрылыс кластері қалыптасты. Мәселен, сарапшылар сәулет саласы бойынша Ақорданы – тәуелсіздіктің символы, Тәуелсіздік сарайын – мемлекеттіліктің символы, Бәйтерек монументін – елдіктің символы, Бейбітшілік және келісім сарайын – достықтың символы, Қазақ елі монументін – болашаққа бет түзеу символы, «Мәңгілік Ел» монументін – мәңгіліктің символы, «Хан Шатыр» кешенін сұлулықтың символы деп баға да беріп қойған.

Бұларға қоса, астанада рухани өмірімізге арқау болған – Ұлттық кітапхана, «Астана Опера» театры, Ұлттық мұрағат, Еуразия университеті мен ондағы Күлтегін заманының ескерткіштері, Ұлттық музей сынды сәулетті ғимараттарымыз бен ел есінен шықпайтын ерлерімізге қойылған ескерткіштер бар. Еңселі «Шабит» өнер ордасы мен «Нұр Астана» және «Өзірет сұлтан» мешіттері де бас қаланың көркін асқақтатып тұр.

Қазір астанада 27 кітапхана, 8 ұлттық музей, «Қазақстан» концерт залы, Астана циркі, үш театр, «Думан», «Мега орталық», «Керуен» ойын-сауық отаулары бар. Демек, біз өсу, өрлеу жолындамыз!

Ән-жыр төгілетін күн

Сөзіміздің басында айтып өткендей, Алматы да – ғаламдық қалалардың тізіміне енген дара қала. Ол Детройт, Эдинбург, Манчестер, Санкт-Петербург, Доха секілді әлемдік қаржы орталығы деген мәртебелі атауға ие. Міне, кезінде елорданың қалыптасуына үлес қосқан ару Алматы да бас қаланың ертеңгі айтулы мерекесінде ән-жырдан шашу шашатын болады.

Ал елорда өзінің туған күнінде көпбалалы отбасыларды, ардагерлерді, зейнеткерлерді және азаматтардың басқа да әлеуметтік осал санаттарын қолдау бойынша қайырымдылық және әлеуметтік акциялар ұйымдастырғалы отыр. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін лагерьлерге тегін жолдамалар беріледі. Сондай-ақ, аз қамтылған 100 отбасының балалары үшін тегін цирк қойылымын және т.б. ұйымдастыру жоспарлануда. Тұрғындарға арналған бұқаралық іс-шаралар, яғни «Астана кеші көңілді», «Open Air «Халықпен бірге», спорттық «Extreme толқыны» және балалар арасында өтетін «Ел жүрегі – елордам» жаппай жүгіру шарасы мен шығармашылық бағыттағы «Мүшәйра» да даталы күнді әрлей түсері сөзсіз. Сонымен қатар, мерекелік датаға орайластырылған өнеркәсіптік, әлеуметтік және мәдени нысандар пайдалануға берілмек.

Иә, елорда күні – бұл бір ғана қала тұрғындарын ғана емес, бүкіл республика жұртшылығын біріктіретін мереке. Сондықтан біз де мерекеге қосыламыз.

Асқақтай бер, астана! Ару Алматы сенің әр қадамыңа, жетістігіңе әрдайым тілекші!



АТАУЛЫ КҮН

ҚАЛА КӨРКІ КӨЗ АРБАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әсем ғимараттары қайталанбас өнер туындыларына жатады

Сәні мен сымбаты келіскен астана-мызға көрік беретін ғимараттардың саны жетерлік. Бірі тарих қойнауынан сыр шерте, енді бірі әлем елдерін еске түсіреді. Жыл сайын ел астанасында түрлі халықаралық жиындар, көрмелер ұйымдастырылуда. Бүгінде барша қазақстандық Нұр-Сұлтан қаласына келуге ұмтылады. Шалқар шабытпен еңбек етеді, ең бастысы – татулық пен сыйластықты нығайтуға күш салады. Қала бүгінде татулық пен келісім астанасы мәртебесіне ие. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық дамудың қуаты локомотиві ролін атқаруда. Ел астанасы Арқа төсіне ауысқалы қандай ғимараттар бой көтерді? Олардың халыққа берер пайдасы қаншалықты деген секілді сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

1. «АСТАНА-БӘЙТЕРЕК»

2002 жылы бой көтерген «Астана-Бәйтерек» кешені халқымыздың дүниетанымынан хабар беретін, ұлттық ерекшеліктерге сай құрылған ғажайып ғимарат. Тіпті, «Бәйтерек» Нұр-Сұлтан қаласының «визит картасына» айналды десек, артық айтпағанымыз болар. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған: жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан. Алып шарға лифт арқылы көтеріліп, үлкен залға еніп, қаланың толық көрінісін көруге болады. Зал ортасында әлемдік діндердің өкілдері қол қойған 17 жапырақты ағаш глобус және қазақ елінің бейбітшілік нышанына айналған «Аяла алақан». Кешеннің биіктігі – 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шар диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады. Жоба сәулетшісі – Норман Фостер.

2. «БЕЙІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ»

Еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастықтың алтын ордасына айналған ғимараттың ерекше тұстары жетерлік. Ғимарат қолдан жасалған жота үстінде орналасқан. Оның табан қабырғасының ұзындығы – 62 м, ауданы – 25,5 мың м². Ғимарат экстерьері пирамида түрінде болса, сарайдың орталық күмбезді залы Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің холы тәрізді етіп салынған. Сарайдың сыртқы беті ішкі бейнені көрсететін әйнек және тас плиталармен қапталған, ал «пирамиданың» төбесі, яғни күмбезі елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерін суреттейтін 130 ақ көгершін бейнеленген, нағыз өнер туындысы атақты суретші Брайн Кларктың витражымен безендірілген. Түнде күмбез жанып, шамшырақ секілді әртүрлі мәдениеттердің, діндердің, халықтың бірлігін бейнелейді. Онда Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, 1,5 мың орынды опера залы, кең орталық атриум мен қысқы бақ орналасқан. Кешен құрылысы қаладағы құбылмалы ауа райын ескере отырып бой көтерген. Оның кіреберісі жер астында орналасқан.

3. «АТАМЕКЕН – ҚАЗАҚСТАН КАРТАСЫ» ЭТНО-МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІ

Ашық аспан астындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенінде қазақ жерінің сұлу табиғаты бейнеленген. Картада 14 облыс және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары орналасқан. Қазақ жерінің табиғи-климаттық аймақтары, ландшафт, сәулетті көркем ғимараттары мен көлік жолдарын көруге болады.

4. «ҚАЗАҚ ЕЛІ» МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІ

Халқымыздың тарихы мен мәдениетінен, жетістіктерінен сыр шертетін тағы бір ғимараттың бірі – «Қазақ елі» мемориалды кешені. Оның ұшар басына Самұрық құсы қонып тұр. Бұл тәуелсіз Қазақстанның дамуға, гүлденуге ұмтылған ынты-жүгерін бейнелейді. Сондықтан алып сәулетті-мүсін кешенінің «Қазақ Елі» атануы да тегін емес. Бұл – тәуелсіздіктің символы. Бойына қазақ елінің өткені мен бүгінін топтастыруға тырысқан композициялық мазмұны мол кешен әйгілі ақ мәрмәрдан қаланған. Монумент – Тәуелсіздік монументі ғана емес, халықтың рухының, халықтың мәңгілігінің, мемлекеттік тұтастығының, іргесінің беріктігін аңғартатын белгі. Атап айтқанда, монумент орналасқан тұғырдың төрт жағына қазақ халқының болмыс-бітімін, өткен тарихын бейнелейтін барельеф бедерлер салынды. Төрт қабырғаның өз айтары бар. Қазақ елінің басынан өткерген тағдыр соқпағы да



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов

сонда жатыр. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Монумент шыңында алып құс Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

5. «АҚОРДА» РЕЗИДЕНЦИЯСЫ

Ел дамуының жаңа философиясының көрнекі бейнесіне айналған ғимараттың сіз бен біз біле бермейтін тұстары жетерлік. Еуропалық сәулет өнеріне тән дәстүрлі шешім ғимаратта жаңа мазмұнмен толыққан. Ақорда түпкі ой мен оның іске асырылуы жөнінен Қазақстан тәуелсіздігінің көркем бейнесін білдіреді. Қазақ және шығыстық мотивтер сарайдың сәулеткерлік жасау-жиһаздарында шеңберлер мазмұны және ою-өрнекті декор арқылы көрініс тапқан. Авторлық жобаның айрықша өзгешелігі, эксклюзивті ерекшелігі – резиденцияға көркемдік тұтастық беретін қазақ бейнелеу өнерінің бірегей жиынтығы. Ғимарат қазіргі заманғы құрылыстың ең таңдаулы әдістерін қолдана отырып, монолит құйматастан салынған. Шатыр-сүмбіні қоса есептегендегі ғимараттың биіктігі 80 м. Қасбеттің қаптамасы қалыңдығы 20–40 см. болатын итальян мәрмәрінен жасалған. Ғимарат жер бетінде 5 және жер астындағы 2 қабаттан тұрады, оның ішінде жер бетіндегі 1-қабаттың биіктігі 10 м., қалған қабаттардың биіктігі 5 м. Резиденция қала құрылысы ансамблінің композициялық және мазмұндық орталығы болып саналады.

6. ДЕКОРАТИВТІК МҮСІНДЕР

Нұр-Сұлтан қаласының басшылығы суретшілер, дизайнерлер және сәулетшілердің арасында үлкен байқау ұйымдастырды. Шарт бойынша байқауға қала көркін ашатын жобаларды ұсыну керек еді. Байқау аяқталған соң, үздік деп танылған жобалар Астана көшелерінде орын алды. Қоладан тұрғызылған мүсіндер әркілі болғанымен, олардың барлығы қаланың сәнін кіргізіп, көпшілік қауымның сүйікті демалыс орындарының біріне айналды.

7. «ХАН ШАТЫР»

Әлемдегі шатыр түрлі құрылыстардың ең орасаны, Қазақстандағы сауда орталықтарының ең үлкені, әрі бірегей сырт пішіні бар құрылыс кешені – Хан Шатыр. СОСО – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, алғашқы лайфстайл-орталық болып саналады.

Лорд Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет ғажайыбы – «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығының ғимараты Орталық Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба болып табылады. Тұғырлы монолиттік сом күймалардан тұрғызылған бұл кешеннің биіктігі 200 метрді құрайды. Оның негізгі қаңқасы фторполимермен қапталған ұсақ тордан тұратын алып шатырдан тұрады. Қаптауға пайдаланылған фторполимер ETFE – жарықты молынан өткізе отырып, ғимараттың ішін ыстық пен суықтан қорғайтын жаппай құрылыс материалдардың бірі болып табылады. Нысан негізінен берік те тұрақты монолиттік металл қондырғыларынан тұрады. Металл қондырғылардың жалпы салмағы 2300 тонна, ал тұтас тұғырға қондырылатын шатырдың биіктігі 150 метр. Бұл алып құрылыстың ішінде пайдаланылған арнайы жапқыштар мен орнатылған желдеткіш қондырғылар Арканың құбылмалы ауа райы кезінде кешендегі ауаның температурасын бірқалыпты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

8. «АСТАНА ОПЕРА» ТЕАТРЫ

Қазақстан астанасының мәдени тұмарына айналып үлгерген қайталанбас сәулет туындысы – «Астана Опера» театры. Аса қысқа мерзімде – 3 жыл ішінде бой көтерген сәні мен салтанаты жарасқан ғимарат қазақы дәстүрлер мен грек-рим кескіндерінің үйлесімін бейнелейді. 2013 жылы халық игілігіне берілген театр бүгінде еліміздің айтулы өнер ордасы.

«Астана Операда» 2 үлкен көрермен залы және сонша бүйірлі бөлім бар. Озық технологиялардың жемісі болған акустика әр келушіге мінсіз дыбыстың жетуін қамтамасыз етеді. Осынау зәулім сарайдың басты көркі – отандық театр өнерінің қайраткерлері мен Денис Мацуев, Пласидо Доминго, Светлана Захарова, Хосе Каррерас сияқты әлем жұлдыздары. Театрда өнер көрсету мәртебесіне ие өнер иелері де сахнаға шықпастан бұрын күрделі сынақтан өтіп, қызметке үздіктердің үздігі сайланған. Орталық Азиядағы осынау ірі театр әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған, оның техникалық жабықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді. Үлкен зал 1250 орынға, Камералық зал 250 орынға есептелген.



МӘСЕЛЕ

Кейінгі жылдары Қазақстанда тілі өте кеш шығатын, тіпті мүлде сөйлемейтін балалар саны күрт көбейіп кеткен. Мамандардың айтуынша, соңғы 10 жылда тілінің мүкістігінен физиологиялық және психологиялық ауытқушылықтарға ұшыраған балалардың саны 25%-ға артқан. Бұл мәселе дәрігерлерді де, ата-аналарды да алаңдатып отыр.

Айнұр СЕНБАЕВА

Мектеп жасына жеткен балалардың арасында дыбыстарды анық айта алмайтын, көп әріптерге тілі келмейтін, кекештеніп, тұтығып сөйлейтін балалардың ата-аналары көбінесе логопедтің көмегіне жүгініп жатады. Бірақ бұл мәселені бір ғана логопед-мамандар шеше алмайтын көрінеді. Өйткені, баланың тілі уақытылы шығуына ата-анадан бастап педагог-психолог, логопед, дефектолог, нейропсихолог секілді мамандардан жан-жақты көмек керек. Әсіресе, баласының сөйлеу қабілетін дамытуда ананың орны ерекше.

Сәбидің дені сау болу үшін әйел адамның жүктілікті жоспарлап, құрсағына шарана біткенде денсаулығының жақсы, көңіл күйінің қалыпты болуына, күйзеліске түспеуіне назар аударуы қажет екенін мамандар үнемі айтып келеді. Өйткені, баланың ағзасында пайда болатын түрлі ауытқулар құрсақта жатқанда пайда болады. Дегенмен, балалардың түрлі дертке шалдығуына кейде тұқым қуалаушылық, туыт кезіндегі зақымдану секілді факторлар да әсер етіп жатады. Ал бала тілінің мүкістігіне таңдайда немесе ерінде жырықтың болуы, ауыз қуысы бұлшық еттерінің дұрыс жұмыс істемеуі, баланың қатты шошынуы, ата-ананың баламен сөйлеспеуі басты себеп болады.

Белгілі логопед Ләйлә Нұрланқызының айтуынша, баланың ауыз қуысындағы бұлшық ет жақсы даму үшін 1 жасқа дейінгі баланың омырау емуі маңызды. Сондай-ақ, маман бала туыла салысымен анасы бесік жырын шырқап, сәбиімен сөйлесе беруі керек екенін айтады. Өйткені, мейірімге бөленіп, өзін қауіпсіз сезініп өскен бала қоршаған ортадағы ақпаратты жылдам қабылдайды.

«Бала туылғаннан кейін анасы үнемі баланың қалай жетіліп, дамып келе жатқанын бақылап отыруы керек. Бала 2 айында мойнын ұстады ма, 3 айында үілдеген дыбыс шығара бастады ма, 5-6 айында анасы атын атап шақырғанда мойын бұрды ма, үлкендердің қимылын қайталауға талпынды ма, осының бәрі баланың ары қарай дамуына тікелей әсер етеді. Нәрестенің бойында қандай да бір өзгерістер болса мұқият қадағалап, дәрігерге, мамандарға жүгінген абзал», – дейді Ләйлә Нұрланқызы.

Қазіргі таңда бала емізіп отырған ана да, омырау еміп жатқан бала да смартфоннан көзін алмайды. Осының өзі бала тілінің кеш шығуына себеп болып отырғаны шындық. Көптеген мамандар қазіргі кезде балалардың тілінің кеш шығуы, түрлі психологиялық ауытқуларының болуы осы гаджеттерге тәуелділіктен болатынын айтып жүр. Бұл сөздің жаны бар. Себебін маманнан сұрап көрдік.

Балалар нейропсихологі, білікті маман Айнуір Алдаштың

Тіл қатшы, балам...



МАМАН КЕҢЕСІ

Айнуір АЛДАШ, Балалар клиникалық психологі, нейропсихолог:

«Анаңмен бірге сөйле!»

Қазіргі ұрпақтың дамуы жағынан бұрынғы балаларға қарағанда проблема көбейді. Өйткені, қазір бәріміз табиғатқа қарсы шығып жатқандаймыз. Бала құлауды да үйрене алмайды, өйткені басына, тізесіне, арқасына құлағанда жұмсақ болсын деп арнайы қорғаныштар кигізіп қоямыз, ойын алаңдары да жұмсақ, баланың танымдық қабілетіне шектеу қоюдамыз. Тілі шықпаған балаға теледидар көрсету, смартфон беру қауіпті. Бір ғана себебін айтпайын, кез келген мультфильм кейіпкерлері барынша эмоциямен, айкайлап сөйлейді, қимыл-қозғалыстары да эмоцияға толы. Миы енді дамып келе жатқан бала үнемі мультфильм көретін болса, тек сондай эмоциямен сөйлегендерді ғана қабылдай алатын болады. Осыдан кейін ол ата-анасының жай, қалыпты сөйлегенін естімейді, түсінбейді де. Сондықтан ең алдымен баланың тілі дұрыс шығуы үшін анасымен байланысы маңызды. Негізі балаға теледидар, планшет, смартфон секілді беті тегіс дүниелерден гөрі оған ұстап көру, аузына салып зерттеу, бір жерден құлап денесін ауырттып, келесі жолы байқау секілді дағды керек. Кішкентай екен деп баланы бәрінен шектеуге болмайды. Мидың қалыптасып жатқан шағында оны дамытып үлгеру керек. Сөздің соңын жұтып қою, анық айтпау қозғалысты шектегеннен болады. Артикуляциялық органдар – ерін, тіл, ауыз секілді сөйлеуге қатысатын органдар дұрыс жетілмесе, бала дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Осы органдарды дамыту үшін балаға ұсақ емес, ірі моторика керек. Сондықтан өзі жүре алатын баланы арбаға таңып қоймай, жерге түсіру керек, өз жүгірсін, зерттесін. Ағаш әдемі болып өсу үшін тамырына қорек керек, сол секілді бала сөйлеу үшін алдымен миды дамыту керек. Баланың сөйлеу қабілетінде қандай да бір мәселе болса, анасы арнайы білім алып, жаттығуларды бала-сымен бірге жасағаны жөн. Өйткені, бала тек анасымен бірге сөйлей алады.

айтуынша, дұрыс дамып келе жатқан баланың 3 жасқа дейін тілі шығу керек. «Әдетте 3 жасқа дейін дамуы кешеуілдеп жатқан балаға сөйлеу қабілетінің тежелуі деп диагноз қояды, ал 3 жасстан асса да тілі шықпаған балаларға психикалық сөйлеу қабілетінің тежелуі деп диагноз қойылады. Демек, баланың тек сөйлеуі ғана кешігіп жатыр деген сөз емес, жалпы психикасы дамымай жатыр деген сөз. Адамға тіл біреуді түсіну, басқаға бірдеңені түсіндіре алу үшін қажет. Ал сөйлей алмаудың нәтижесінде бұдан басқа да баланың дамуы кешіге береді. Бұл мидың сөйлей алуға жауап беретін бөлігінің дамуы тежелуде деген сөз. Мұндайда сөйлеу мен түсінуге қатысты ми бөліктерін нейрокоррекциялық жаттығулар арқылы дамыту керек. Осы жаттығулар баланың сөйлеуіне, сабақ үлгерімінің жақсы болуына әсер етеді», – дейді маман.

ТҮЙІН:

Мамандардың пікірінен түйгеніміз, ананың көңілі толықтай балада болған-да оның болашағы жарқын болмақ. Егер балаңыз құлай берсе, епсіз, ұрылып-соғылып жүретін болса, ойынға қосыла алмай жалғыз қалса, өте әсершіл, тез ренжігіш болса, денесінің ауырғанын сезбей жүре беретін болса, бір орында дамылдап тұра алмай жүгіре беретін болса, кез келген тапсырманы соңына жеткізе алмайтын болса, мұндай балаларға нейрокоррекциялық жаттығулар қажет екенін, өзіңіз де, сәбиіңіз де мамандардың көмегіне зәру екеніңізді ескеріңіз!

ПСИХОЛОГИЯ

Жақсы әдет – табысты болудың кілті

Ежелгі атам қазақ қалтасына шақша салып, өз құмарын насыбайдан тапса, кейін келе-келе оны құраған жапырақ – темекіге алмастырды. Одан кейін батыспен бірге басқа тебер калың келді. Енді көп уақыт өтпей қазақ нарығын электронды темекі – понс-сигара жаулай бастады.

Аристотель айтқандай, адамның іс-әрекеттерінің 95 пайызы әдеттен тұрады екен. Психологияда әдет адамның екінші болмысы саналады. Кейбір әдет адам бойына туа бітеді, кейбір әдет жүре келе қалыптасады. Сондықтан болса керек, қазақ «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген түсінік бар. Жақсы әдет пен теріс әдет те адам өмірінің сапасы мен ұзақтығына тікелей әсер етеді.

Күнделікті тіс жуу, киіну, тамақ ішу секілді әдеттен бөлек, әр адамның бойында өзі дағылданған әдеттер болады. Айталық, біреулер аптасына спортзалға 2 рет баруға, айына 3 кітап оқуға, таңмен таласа тұрып, ерте ұйықтауға әдеттенеді. Керісінше, енді біреулер түске таяу тұрады, уақытының көбін әлеуметтік желіде өткізеді, кешкі асты өте кеш ішеді, зиянды тағамдарға әуестенеді. Көп адамдар осындай теріс әдеттерін жақсы әдетке айналдыра алмай қиналады. Өйткені, қалыптасып қалған әдеттен бас тарту оңай емес. Мұндайда адамның ерік-жігері сынала-



ды немесе денсаулығына қауіп төнгенде ғана жаман әдеттен арылуға тырысады. Бірақ мамандар жақсы әдетті еш күйзеліске түспей-ақ біртіндеп қалыптастыруға болатынын айтады.

Табыстың әдетке не қатысы бар десеңіз, жақсы әдет – табысқа жетудің негізгі кілті. Әдет туралы зерттеген көптеген психологтарға шолу жасай отырып, жақсы әдеттің табысты болуға қалай әсер ететіні жайлы ережелер топтамасын ұсынуды жөн көрдік.

• **Жақсы әдетті** қалыптастырудың ең оңай жолы – қайталау. Қалаған әдетіңізді 20–30 күн бой үзбей қайталаған кезде дағдыға айналады. Ғалымдардың айтуынша, әдет берік орнығу үшін кемінде 20 күн керек.

Сондай-ақ, жақсы әдет қалыптастыруды шағын қадамдардан бастаған абзал. Айталық, спортпен шұғылдануды аптасына бір реттен бастап жайлап көбейтуге болады. Ағза бейімделген кезде адамның миы әдетті меңгере бастайды.

• **Күнделікті жақсы әдеттің бірі** – күнді жоспар құрумен бастау. Ол үшін ұйқыға жатар кезде келесі күнгі жоспарларыңызды ойлаңыз. Ертеңгі күнге кішігірім мақсаттар қойыңыз. Күнделік арнап, сол мақсаттардың бәрін жазуды әдетке айналдырыңыз. Жолда жүргенде де, адамдармен қарым-қатынас кезінде де өз мақсаттарыңыз жайлы ойлаңыз. Уақытыңыздың көбін нені ойлауға жұмсайсыз, сол мақсатқа жетесіз.

Бай және табысты адамдар көп уақытын өз мақсаттарын ойлауға жұмсайды.

• **Табысты адамдар** ең алдымен өздері істеу керек жұмыстардың тізімін жасайды, соның ішінде ең маңыздыларына бірінші назар аударады. Бұл – өмірді жеңілдетеді. Айталық, бір айға сапарға кетерден бұрын осы тізімдегілердің біреуін ғана істей алатын болсам, қайсысын істеуім керек деп өзіңізден сұраңыз. Соны дөңгелектеп қойыңыз да, бірінші кезекте сол жұмысты атқарып тастауға тырысыңыз. Осы жалғыз істі аяқтағанша тоқтаусыз жұмыс істеміз. Осы қарапайым техника кедей адамды бай етеді.

• **Тағы бір жақсы әдет** – айналаңыздағы адамдарды тани білу. Егер сіз кәсіпкер болсаңыз, «клиент деген кім, мен оларға қалай көмек бере аламын», «олар маған қандай көмек бере алады» деп ойлау қажет. Табысты адамдар өзінің айналасындағы маңызды адамға назар аударады.

• **Ең жақсы әдет** – өз денсаулығыңа жіті назар аудару. Тамақты аздан жеу, бірақ пайдалы ас ішу, күнделікті жаттығу жасау – бұл өміріңізді де ұзартады, табысыңызды да молайтады. Өйткені, бәсекеге қабілетті болу үшін көп күш-қуат керек.

• **Тәртіп** – жақсы әдеттің бастауы. Өзіңді өзін тәрбиелеу, бүгін бітіруге болатын істі ертеңге қалдырмау, өзіңді міндеттеу табысқа жеткізбей қоймайды. Ойыңызда жүрген кез келген істі сәтті аяқтағаннан кейін өзіңізді марапаттаңыз. Мысалы, жақсы көретін шоколадпен шай ішуге болады, т.б.

Жақсы әдетті қалыптастыру қиын, бірақ онымен өмір сүру оңай. Керісінше, жаман әдетті қалыптастыру оңай, бірақ онымен өмір сүру қиын. Психологиялық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, кез келген әдетке үйренуге болады. Жаман әдетті жақсы әдетке айналдырыңыз!

Айнуір НҮРСАБЕТ.



ЗЕРДЕ

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛ БӘРІНЕН ОЗАДЫ Ынтымағы жарасқан жұрттың қашан да ұпайы түгел

«Өткенге көз жүгіртсең – болашаққа қадамың нық болады» деген сөздің үлкен мәні бар. Философтар айтып кеткен бұл ойдың қадірі жыл өткен сайын арта түсуде. Біз кімбіз? Тегіміз қайдан шыққан? Айта берсең, әрі тереңдей беретін мұндай сауалдар легі толастамайды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Дүние жүзінің дамыған держава-лары өз шежірелерін әлдеқашан түгендеп алған. Бүгіндері тарих арқылы жас ұрпағын тәрбиелеп келеді.

ҚОЙНАУЫ ТЕРЕҢ ТАРИХ

Біздің тарихшылар мен жылнамашылар қазақты тағдырлы халық санайды. Бұған толық келісуге болады. Нәубет жылдар, жұт, аштық бәрін басынан өткерді. Қаншама бала анасынан жырақ қалды. Дегенмен, Тәңір әр уақытта өзі сақтап келе жатқандай көрінеді. Өткен ғасырлардағы кезеңдер судай сырғып өте шықты. Қазіргі таңның ең басты мақсаты – дамыған елдер санатына қосылу. Сондай-ақ, бұл жолда атқарылып жатқан істер аз емес.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асып барады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халық үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз» деп зердемізге келелі ой салды. Бүгінде барша әлемге бейбітшілік эталоны ретінде танылған Қазақ елі бар. Сол елде алғыр, білімді, отансүйгіш жастар өсіп келеді. Алдағы уақыттары ғылым мен өнерді, спортты, технологияны игеретін нағыз солар болмақ.

Қазақ елі – әлемнің алдында айбынды мемлекет. Қазіргі таңда дүние жүзінің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері құрметтейді, сыйлайды. Нақ солардың сапында болуға ұмтылып келеміз. Оның нәтижесіне сенудеміз де. Қазақстанның экономикасы қарыштап дамып, жарқын болашаққа қарай бет бұрып келе жатыр.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тарихына зер салсаңыз, біраз дүниенің байыбына барасыз. АҚШ держава болуға 230 жыл, Жапония, Түркиялар ғасыр жұмсады. Әлі де тоқтаусыз ілгерілеуде.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» дейді. Бізге де уақыт маңызды.

Егеменді халық болу ата-баба арман-мұраты еді. Міне, біз көрудеміз. Тәубе! Тәңірдің тәтті сыйы. Әлемде көптеген халық бар. Әлі күнге дейін өз қолдары өздеріне жетпегендері қаншама?! Бізге эволюциялық жолмен өркендеу қажет. Өркім өз саласында маман болса, даму деген сол. Қазақы қарақөздеріміздің ынтасы қуантады. Болашақ солардың қолында. Байқасаңыз, үлкен буын біртіндеп жастарға орын беруде. Біртіндеп республикамыздың тағдырын тапсырып бара жатқандай. Бұл – өмірдің заңдылығы. Алда талайды бағындыратынымызға сенеміз.

ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Нақ осы күндері тағылым мен тәрбиеге мән берген абзалырақ. Өйткені, ғаламда бала оқытып, шәкірт тәрбиелеуден асқан бақыт жоқ. Өмірін осы арнаға арнаған адамды бақытты жан деп санауға болады. Еліне қызмет еткен тұлғаның ғұмыр жолы қарапайым хәм жарқын болады. Көбісі қарапайым ауылда туып, арман қуып, қалада жоғары оқу орнын оқиды. Сөйтіп, өмір жолын жалғай береді.

Бұрынғы кеңестік дәуір өтті. Егемендік келді. Алғашында қиындау болды. Десек те, оның бәрі артта қалды. Бүгіндері жайнап-жадырап келеміз. Дүние жүзінің дамыған державаларымен иық тірестірудеміз. Жаһандық аренада өз орнымыз айқын. Сол биікке шығу бар да, соны ұстап тұру бар. Ендігі мақсат – тұғырымыздың беріктігін сақтау. Күлтегін, Тоныкөк билеушілердің «Мәңгілік ел» қағидатын берік ұстаған абзал. Сонда ғана егемендіктің маңызы жоғарылай түседі. Тәуелсіз сөзі – киелі ұғым. Ауқымы кең. Оны ешбір нәрсеге теңей алмаймыз. Сондай қастерлі. Әркез шамшырақ, еңсемізді тіктеп жүруге серпін береді.

БАБАЛАР АМАНАТЫ

Қарап тұрсаңыз, халқымыздың бастан кешкен тағдырлы күндері аз болмаған. Ылғи да қиыннан қиыстырып, тығырықтан жол тауып, қиыншылықты еңсеріп



отырған. Сол себепті де, қазақты батыр халық деуге толық негіз бар. Әлгінде айтқан бабалар аманаты – осы елді ары қарай дамыту. Өркендеген мемлекеттер қатарына қосу. Ол үшін негізгі жағдайдың бәрі жасалған. Соның ішінде жастарға мүмкіншілік көп. Қайда барып, нендей іспен айналысам десе де, жол ашық. Сыртты көріп, ілім жинап тәжірибе алмасуға да толық жағдай бар. Ең негізгісі, ел мен жердің қадір-қасиетін терең ұғыну керек. Аянбай тірлік қылса, алға өрлеу деген сол.

Арада қаншама жылдар мен тарихи кезеңдер өтіп, алмасулар, ғасырлар тоғысы болса да, қазақ халқы түпкі ата-тегін сақтап келеді. Көшпелілердің мәдениетінің өзгелерден еш кем болмағаны бүгінге үзілмей жеткен салт-санамыздан байқалады. Тәңірдің өзі жұртымызды талайлы тағдырдың соқпағынан аман сақтап келе жатқандай. Бұған мың қайтара тәубе! Уақыттары зырғыған дәуірлер арасында жаншылып кетпей, іргеміз бүтін қалпында осы заманға жетуіміз ата-бабаларымыздың тектілігінің арқасында деп түсінеміз. Неше түрлі жағдаяттар орын алып, тарих сахнасынан өшіп кетуге дейін бардық. Жонғар шапқыншылығы 160 жыл бойы қазақ даласына өз қылышы мен найзасын түйреді. Ақыр соңында жер бетінен жойылды. Одан кейін де қаншама қиыншылыққа ұшырадық. Нәубетті жылдар бастан арылмады. Түрлі соғыстар мен патша заманына қарсы күрес кездері болды. Мұның бәрі тарихтың беттерінде сайрап жатыр. Одан соңғы ашаршылықты айтпай кетуге тағы болмайды.

ТАҒДЫРЛЫ ХАЛЫҚ

Бір сөзбен баяндағанда, тағдырлы халықпыз. Бүгінде барша әлемге нұрын шашқан елміз. Жұрт сыйлайды, көрші елдер құрмет тұтады. Дүниенің қай бұрышына барсаңыз да, құшақ жая қарсы алады. Ең бастысы, бабалар аманатын сақтап, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп келеміз.

ТҮЙІН:

Заманында Қазыбек би «Атадан жақсы ұл туса, елдің зоры болады» депті. Жоғарыдағы пікірлерді топшылай келгенде, осыған саяды. Ол дегеніміз – білімді, ақылды, тәрбиелі ұлтты қалыптастыру деген сөз. Қазақ елінің айбыны асқақтай берсін!





ҚАЗАҚША КҮРЕС



МАҚСАТ – ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ

«Барыс-Арена» мұз сарайында Қазақ күресінен «Қазақстан барысы» ХІ республикалық турнирі өтті.

Осы жылдың көктемінде ауылдық, аудандық, облыстық (қалалық) деңгейлерде және күш құрылымдарының өкілдері арасында іріктеу кезеңдері өткен болатын. Жарысқа бес мыңға жуық спортшы қатысып, 36 адам финалға жолдама алды.

Қызылорда облысының палуаны Мақсат Исабабылов Қазақ күресінен «Қазақстан барысы» ХІ республикалық турнирінің жеңімпазы атанды. Ол шешуші кездесуде Маңғыстау облысының өкілі Нұрдіулет Жарылғаповпен күш сынасып, 1 минут 52 секунд өткенде қарсыласын жамбасқа ата құлатып, «таза» жеңіске қол жеткізеді.

М.Исабабыловқа 25 миллион теңге, сондай-ақ, алтын белбеу мен ауыспалы алтын «Тайтүяк» табыс етілді. Марапаттау рәсіміне ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қатысты.

ҚР вице-премьері «Қазақстан барысы» жобасының маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, мектеп бағдарламасы аясында оқушылар спорттың осы түрімен белсенді айналысып келеді.

«Бүгінгі таңда 148 мың қазақстандық қазақша күрестен кәсіби айналысады. 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласының 23 мектебінде қазақша күрес дене шынықтыру пәнінің бағдарламасына енгізілді. Онда оқушылар ұлттық спорт түрімен шұғылданады. Қажымұқан бабамыздың ісін жалғастырушыларға сәттілік тілеймін және тамаша спорттық мерекенің куәгері болайық», – деді Ералы Тоғжанов.

Дәурен Абаев турнир салауатты өмір салтын насихаттауға және ұлттық спорт түрлерін дамытуға бағытталғанын атап өтті.

«Жарысқа қатысушылар еліміздің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған балаларға үлгі береріне сенімдімін. Жарысқа қатысушыларға сәттілік және жаңа жеңістер тілеймін!», – деді министр.

Маңғыстау облысының палуаны Нұрдіулет Жарылғапов күміс жүлдегер атанды. Ол 5,5 млн теңге және күміс белбеу иеленді. Қола белбеу Жамбыл облысынан келген Ғалымжан Қырықбайға бұйырды. Оған 1,8 млн теңге берілді.

ТАНЫМ

«АСТАНА АРЕНА» ҚАШАН АШЫЛДЫ?

Алдағы «Астана күніне» орай елорданың басты алаңы «Астана Арена» тарихына үңілейік.

«Астана Арена» ресми түрде 2009 жылы 3 шілде күні ашылды. 30 мыңға жуық көрермен сиятын алпауыт алаң алғашқыда Қажымұқан Мұңайтпасовтың құрметіне Қажымұқан стадионы деп аталған. Кейін алаң атауы «Астана Арена» болып өзгерді.

Стадион негізінен футбол матчтарын өткізуге бағытталғанымен, алайда күрес, дзюдо және бокс сынды басқа спорт түрлерінің іс-шараларын өткізуге оңай бейімделеді. Сондай-ақ, алаң ішінде спорттан бөлек мерекелік не концерттік бағдарлама ұйымдастыруға мүмкіндік бар.

Стадион барлық заманауи стандарттарға сай салынған. Алаңның жылжымалы шатыры 20 минут ішінде толығымен ашылып-жабылады. Стадионда жасанды алаң және әлемдік деңгейдегі ойындар мен концерттерді өткізуге бейімделген барлық инфрақұрылым бар.



Стадион тарихындағы алғашқы матч ашылу кезінде, яғни 3 шілде күні өтті. Жасыл алаңдағы бірінші ойында бүгінгі «Астана» футбол клубы мен Қазақстанның жастар құрамасы кездесті. Матчтың бас төрешісі белгілі итальяндық арбитр Пьерлуиджи Коллина болды, ал символдық тұрғыда алғашқы соққыны Қазақстанның бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жасады. Әр команданың құрамында, олардың тұрақты ойыншыларынан басқа, арнайы шақырылған екі әлемдік «жұлдыздан» өнер көрсетті: Қазақстан жастар құрамасының құрамында – Грузия құрамасының және итальяндық «Милан» қорғаушысы Каха Каладзе және Украина құрамасының шабуылшысы Андрей Шевченко, ал «Астана» құрамында – белгілі түрік футболшылары Хасан Шаш және Хакан Шукюр болды.

2009 жылы 14 қазан күні «Астана Арена» алғаш рет ұлттық құраманың ресми ойыны өтті. Ал 2011 жылы елорданың басты алаңында Қысқы Азия ойындарының ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Жалпы ашылу салтанатынан бері «Астана Арена» еліміз үшін ең беделді спорттық-мәдени орталықтардың біріне айналды.

ФУТБОЛ

ӨЗ АЛАҢЫНДА ЕСЕСІН ЖІБЕРМЕДІ

Алматылық «Қайрат» өз алаңында «Ақжайық» командасынан екі доп айырмашылығымен басым түсті.

Қазақстан чемпионатының 16-турында «Орталық» стадионда кездескен «Қайрат» пен Оралдың «Ақжайық» командалары өзара күштіні анықтады. Соңғы екі ойында сыртқы алаңда «Тұранмен» тең ойнап, өз алаңында «Ордабасыдан» жеңілген батыстық клуб Алматыға жеңіске деген үлкен құлшыныспен келді. Өткен ойындарда «Мақтааралды» жеңгенімен, «Таразбен» тең түскен «сары-қара» команда үшін де ел біріншілігінің үздіктерінен қалмас үшін өте маңызды ойын болды.

«Қайрат» жанкүйерлерінің әнұран-айқайымен басталған кездесуде алғаш минуттардан бастап алаң иелерінің күші көрінді. Алматылық команда, әсіресе, оң қапталдан өткір шабуылдар жасады. Осы жақтан әуелете көтерілген доптардың бірі оралдық команданың ойыншыларынан Хосе Контенің аяғына ытқып түсіп, «Қайрат» шабуылдаушысының жойқын соққысы қақпадан сәл жоғары кетті. Дегенмен, «Ақжайық» тек қорғанумен болған жоқ, бірер минуттардан кейінгі қарымта шабуылдардың бірі 22 нөмерлі Тома Табатадзенің қайшылай тепкен соққысымен аяқталды. Бұл сәтте «Қайрат» қақпасын Данил Устищенко аман сақтап қалды. Ойында алғашқы болып есеп ашудың керемет мүмкіндіктерінің бірі

Жоао Паулода болды. Алматылық команданың айып алаңына асырылған доп ойыншылар арасындағы әуедегі арпалыстан соң, бразилиялық ойыншының аяғына түскен. Шапшаң жартылай қорғаушы екі қарсыласын шеберлікпен алдап өтіп, қақпашымен бірде-бір шыққанда, одан өз аяласын асыра алмады. Алайда, көп ұзамай кездесуде есеп ашылды. 36 минутта берілген бұрыштама добында нық соққы жасай білген Конте, «Қайратты» алдыға шығарды. Бұл – алматылық ойыншының еншісіне жазылған осы маусымдағы алтыншы гол. Ол ел біріншілігіндегі үздік шабуылдаушылардың тізімінде тағы екі футболшымен бірге бесінші орынды бөліп тұр. Есеп бойынша есе жіберсе де, бірінші таймның соңына дейін Орал ойыншылары мардымды шабуылға шыға алған жоқ.

Кездесудің екінші жартысында да ойын бейнесі өзгере қоймады. «Сары-қара» команданың ойыншылары төреші ысқырығы естілісімен шабуылға көшті. Дегенмен, өз жанкүйерлерін тағы бір қуантудың бірнеше мүмкіндігін жіберіп алды. Алдымен Сергей Кейлердің қапталдан жасалған пасын «Ақжайық» қорғаушысы қайтарса, Хосе Контенің пасынан кейін және бір мүмкіндікті Жоао Пауло пайдалана алмады. Қарсыластарының қарқыны басылғанда Орал ойыншылары қарымта шабуылдарды ұйымдастыруға тырысты. Тома Табатадзенің баспен берілген пасынан кейін алматылық қақпашымен бетпе-бет келген Лука Имнадзе «Ақжайықтың» ең қауіпті сәттерінің бірін сәтсіз орындады. Футболдың «сен соқпасаң, саған соғады» деген жазылмаған заңы орындалғандай 54 минутта Жоао Пауло



есепті еселеді. Қарсыластарының қателігінен кейін осы ойында екінші рет қақпашымен бірде-бір шыққан 11 нөмерлі жартылай қорғаушы бұл жолы қателік жібермеді. Қазір барын салмаса, жеңіске жетпесін білген батыстық ойыншылар алыстан соққы жасауға кірісті. Мұндай соққылардың бірнешеуі жақсы орындалғанымен олардың барлығын Устищенко қайтара білді. Ойынның қалған уақытында доп толықтай алаң иелерінің қарауында болды.

Кездесу нәтижесі бойынша «Қайрат» 2:0 есебімен жеңіске жетіп, турнирлік тізімде 23 ұпаймен алтыншы орынға көтерілді. Ал Алматыдан ұпайсыз қайтқан «Ақжайық» 12 ұпаймен он үшінші орыннан қозғалған жоқ.

Қазақстан чемпионатының өзге де ойындарына шолу жасап өтейік. «Тараз» сыртқы алаңда «Атыраумен» тең нәтиже (0:0) көрсетті. Тең ойнаған командалар қатарында «Тұран» мен «Тобыл» да (2:2) бар. Турнир кестесінде көшбастап тұрған «Астана» «Мақтааралды» 4:0 есебімен жеңді. Ал «Ақсу» «Қызылжардан» бір доп айырмашылығымен басым түсті. Тартысты ойындардың бірін қарағандылық «Шахтер» мен «Ақтөбе» командалары көрсетті. 2:3 есебімен аяқталған ойында «Ақтөбе» жеңіске жетті.

**Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



РОБОТОТЕХНИКА



Біздің балалар рекорд орнатты

Қазақстандық оқушылар бірден екі британдық маусымаралық олимпиадада жеңіске жетті. Бұл жеңістер оқушыларға әлемнің жетекші университеттеріне түсуге мүмкіндік береді. Оқушыларымыз 20 ойынның 19-ында рекордтық ұпаймен жеңіске жетті және қазылар алқасының 3 номинациясын ұтып алып, жарыстың рекордын орнатты.



Досбол
АТАЖАН

Ұлттық құрама сапында 15–17 жас аралығындағы 12 оқушы өнер көрсетті. Олардың барлығы робототехника бойынша қазақстандық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

Бірінші «FIRST Tech Challenge – West Midlands» жарысы 28 маусымда Вулвергемптонда, Уэст-Мидлендс графтығында өтті. Онда қазақстандық оқушылар 10 ойынның 10-ында жеңіске жетіп, үздік өнер көрсеткен командаға берілетін бас төреші номинациясының Judges Award жүлдесін жеңіп алды.

1 шілдеде Лондонда «FIRST Tech Challenge – South East» екінші жарысы өтті. Ойындарға британдық мықты командалардан бөлек, басқа елдерден де келген жасөспірімдер қатысты. Онда оқушыларымыз 10 ойынның 9-ында жеңіске жетіп, I орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, оқушылар қазылар алқасының екі марапатына ие болды – Judges Award және Control Award сыйлығы.

«Біздің Ұлыбританияға сапарымыз шынымен де тарихи сәтке толы болды. Оқушыларымыздың тәжірибелері бәсекелестерінен бірнеше есе аз болса да, олар өздерін жақсы жағынан көрсете білді және үздік нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, FIRST бағдарламасының жеке қорында 80 млн доллар стипендиясы бар және робототехника чемпионатының жеңімпаздары

әлемнің жетекші университеттеріне, соның ішінде MIT, Yale және басқа да үздік университеттерге тегін оқуға өтініш бере алады», – деді USTEM Robotics Қазақстандағы және Орталық Азиядағы робототехника дамыту қорының негізін қалаушы Нұрдаулет Досмағамбет.

Қазақстандық оқушылар бір айға жуық уақытын өз мектептерінің зертханаларында өткізіп, роботтарын құрастыруға арнады. Жас өнертапқыштар робот бөлшектерін өздері модельдеді, содан кейін мектеп шеберханаларындағы 3D принтер мен лазерлік машиналарда жобаларын жүзеге асырды. Жас өнертапқыштарға Балалар жылы аясында мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді.

«Робототехниканың арқасында біз әлемді тануға, саяхаттауға және басқа елдердің үздік оқушыларымен кездесуге мүмкіндік алдық. Ұлыбританияға жасаған бұл сапарымыз өз қабілеттерімізге сенімділік берді. Біз Англия мен Солтүстік Кипрдің ең мықты командаларымен елдің намысын қорғау үшін жарыстық, ал ойындар арасында қарсыластарымызға көмектесіп те тұрдық. Бұл бізге қызықты болды, өйткені бұл жарысқа екінші жыл ғана қатысып жатырмыз, бірақ ондаған жылдар бойы дайындық жүргізген командалардан жақсырақ өнер көрсеттік. Ұымдастырушылар мен басқа командалардың жаттықтырушыларынан алғыс сөздер естігенімізге қуандық», – дейді оқушы Нұрасыл Бейсенбай.

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!

2022 ж. 7 шілде, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308 үй Ду-1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықшамауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықшамауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықшамауданы, «Ақсай-3 Б» ықшамауданы, «Ақсай-2» ықшамауданы, Саин к. (Төле би және Қаболов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді «АлЭС» АҚ-нан алуға болады.
Тел.: 8 (727) 227-70-21.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqshamy» ЖШС.
almaty-aqshamy@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



Базарлығымыз көп



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл – тарихи оқиға. Тәуелсіз еліміз өзінің Жана Қазақстан деп басталған тарихында жас ұрпаққа үлкен сенім артып, зор үміт күтіп отыр.

Бұл ретте ел ертеңі болар ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуы үшін, ең алдымен, дені сау, қабілет-қарымды, жан-жақты салауатты болуы аса маңызды екені белгілі. Сондықтан қоғамда дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін ерте бастан олардың болашағына аса маңызбен қарағанымыз дұрыс. Биыл Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Балалар жылына ерекше тарту жасады. Мектеп оқушыларының тек жазғы демалысы үшін жергілікті бюджет есебінен 270 млн теңге бөлі. Осынау қаражат есебінен әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыдан шыққан 2928 балаға тегін жолдама берілді. Дәл қазіргі уақытта олар қала сыртындағы сауықтыру орталықтарында жазғы демалыстарын қызықты етіп өткізіп жатыр. Сонымен қатар, ата-ана қамқорынан тыс қалған 200 бала мен 200 ерекше мүмкіншілігі бар баланың да биылғы демалысы қызыққа толы болды.

– Биылғы Балалар жылының жаңалығы өте көп болып отыр. Шаһар басшысы балалардың жазғы демалысына ерекше көңіл бөліп, кең қолдау көрсетіп отыр. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасы мен көпбалалы отбасы балаларына барынша жағдай жасап жатырмыз. Мәселен, жаздың алғашқы айында Алматы және Медеу ауданында тұрып жатқан 420 мектеп оқушысы «Спутник» демалыс-сауықтыру орталығында демалып қайтса, Жетісу мен Наурызбай аудандарының 80 баласы қала сыртындағы «Тауһар Тау» лагерінде демалып жатыр. Дәл қазіргі кезде Алау, Әуезов, Бостандық, Түркісіб аудандарының балалары да қала сыртындағы демалыс-сауықтыру орталықтарында демалыстарын қызықты етіп өткізуде. Қаламыздағы Оқушылар сарайы мен Оқушылар үйлеріндегі үйірмелердің де жұмыстары қызып жатыр, – дейді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуезханқызы.

Биылғы жыл қаламыздың кішкентай тұрғындары үшін түрлі қызыққа толы болып тұр. Жаз басталысымен қаламыздың мәдени орындарында балаларға арналған түрлі бағдарламалар, көңілді кештер жиі өткізіліп, спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып жатыр. Қаламыздағы кітапханалардың сөрелері де жас оқырмандарға арналған кітаптарға толы. Олар жас оқырмандарға «Кітап оқитын мектеп» жобасы аясында қызмет көрсетіп келеді.



СПЕКТАКЛЬ

Театр маусымы ұзарды

Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры шілде айында да көрермендерін күтеді

Ару Алматының мәдени өмірінің ажырамас бөлшегіне айналып, таңдамалы туындыларымен көрермендерінің жүрегінен орын алған Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры биыл алғаш рет театр маусымын тағы бір айға ұзартып отыр.

Отандық театрлар сынды мамыр айында көрермендерімен «уақытша» қоштасатын өнер ұжымы Алматы қаласының тұрғындары мен қала қонақтарына рухани демалыс сыйлау үшін биылғы маусымды шілде айының он жетінші жұлдызына дейін жалғастырмақ.

«...Театр деген нәрсе ермек емес, ол – үлгі, ол – тәрбие, өнер орны» деген қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті өкілі, қаламгер Ж.Аймауытов пікірін ескерсек, кішкентай буын балдырғандарымызды жан-жақты, рухани бай һәм қиял-көкжиегі кең тұлға болуына үлес қосу да театрдың басты мақсаттарының бірі болып саналады. Бүгінде театр репертуары балалардан бастап барша көрермендерді тебіртетін адалдық, махаббат, достық, отбасы құндылықтары тақырыптары терең ашумен қатар, адам жанының сан қырлы қатпарларына үңіліп келеді.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

TEATR

«МЕНИҢ МҰСТАФАМ!..»

Театрда жаңа қойылым сахналанды



М.Әуезов атындағы ұлттық драма театры 95-маусымын үлкен абыроймен аяқтады. Осы аралықта театр ұжымы көрермендерге «Премьералар апталығы» арқылы жеті бірдей жаңа спектакльдің тұсауын кесті. Ерекше атап өтетін жайт, театр сахнасында мемлекетшіл тұлға Мұстафа Шоқайдың қасіретті тағдыры, мұң-шерін баян ететін «Менің Мұстафам!..» атты драма-диалогы қойылды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Спектакль Мұстафаның сүйікті жары Мәрияның естелігі арқылы баяндалады. Мәрия бар өмірін ерінің күрескерлік тағдырына арнаған, «Менің Мұстафам» деп рухын ардақтап өткен аяулы тұлға екендігіне көзіміз жетті.

«Қазіргі таңда көрерменнің талғамы өзгеріп кеткен. Біз арзан күлкіге үйірміз. Көп нәрсеге жеңіл қараймыз. Тарих қойнауына үңіліп, көрерменнің көзайымына айналу шынайы айтқан кезде өте қиын, өте ауыр. Мен ол ауырлықтан қашқаным жоқ. Менде тек бір ғана мақсат болды. Қазақ халқының азаттығы үшін жанын құрбан еткен Мұстафа Шоқайдың асыл жары Мәрия апайымыздың рөлін жақсылап ойнап шығуды мақсат еттім. Спектакль қалай шықты, мен рөлімді алып шыға алдым ба, жоқ па, білмедім. Ол жағын көзіқарақты көрермендеріміз айта жатар», – дейді актриса Күнсұлу Шаяхметова.

Мұстафа Шоқайды зерттеушілер көп. Алайда, оның өмірін, шығармашылығын түбегейлі зерттеу жүргізіп, кітап шығарып, фильм түсірілуіне сүбелі үлес қосқан жалғыз Қасымхан Бегманов еді. Драма-диалогты сахнаға әкелген автор да бір өзі.

«Түркі әлемінің көсемі жайлы «Мұстафа Шоқай жолымен» атты кітап жазғам. Сондай-ақ, деректі фильмді де түсірдік. Кітапта Мұстафа Шоқайдың өткен өмірі, атқарған қызметі, көрген қиыншылықтары, туған-туыс, бауырларының жазықсыз жала жабылып, жазаса тартылғандығы жайлы баян етілді. Оның өмірінде қуанышты жайттар өте аз болған. Спектакль негізінен Мәрия Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естеліктерінен алынған. Сондай-ақ, жас ұрпаққа тағылым берерлік ақпараттар да қосылды», – дейді автор Қасымхан Бегманов.

Қойылымды тамашалап отырып, Алаш зиялыларының тағдырына үңілдік. Актрисаның шеберлігіне халық сүйсіне қарады. Сұрапыл саясаттың қазақ даласына тигізген әсерін көріп күңірөңдік.

«Рөлге екі жыл бұрын бекітілдім. Карантиннің кезінде құлағымға жастанып жатып сөздерін жаттадым. Моноспектакльде бір өзің тіршілік етесің, ол өте қиын. Халықты сендіру қажет. Мәрия апайымыз 80 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Қойылым ол кісінің жастық шағынан бастау алып, өмірінің соңғы кездеріне дейінгі уақыттарды бейнелейді. Сол себептен, ынта-ықыласыммен ол кісінің жан-дүниесін ұғынуға тырыстым. Мәрия анамыздың қолымен жазылған хаттарын оқыдым, фотосуреттерін өз көзіммен көрдім», – дейді актриса Күнсұлу Шаяхметова.

Сондай-ақ, қойылымда Мұстафа Шоқай

Парижде жүргенде Әміремен танысқандығы туралы тың деректер келтірілген. Алайда, бұл кездесулер Әміре Қашаубаевтың өмірін өзгертіп, қуғынға ұшырауына әкеп соқтырады. Бұл туралы «Тарих. Тағдыр. Тұлға» деректі фильмінде айтылады.

«Мұстафа Әміренің концертінде болады. Кейін әншіні Париждің орталығындағы қымбат мейрамханаға қонаққа шақырады. Мұстафа Шоқайдың жанында Ромен Роллан, Анри Барбюс сынды француз жазушылары болады. Екеуі мейрамханада құшақташып амандасады. Онда отырған француз жазушысы Ромен Роллан көптен бері көрмей жүрген бауырын кездестіріпті ғой деп ойлап қалады. Кейін ол екеуі бірін-бірі алғаш рет көріп тұрғанын білген кезде қатты таңқалады. Ал кеңес үкіметі Шоқай қашқын, сапқын деген пікірде еді. Кейін НКВД қызметкерлері Әмірені тергеуге шақырып, қырағы бақылауға алады», – дейді Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы Балнұр Қыдырбек.

Қойылым барысында Мұстафа Шоқай бастаған мұсылмандар қозғалысының өкілдері шұғыл жиналып, төтенше съезд өткізген сәттер айтылады. Съезд шешімімен құрылған Түркістан–Қоқан автономиясының 54 адамнан тұратын уақытша халық кеңесінің құрамына сайланды. Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі болады. Уақытша үкіметтің төрағасы Мұхамеджан Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына Шоқай сайланды. Мұстафа Шоқай автономияны сақтап қалу үшін аянбай еңбек еткенмен, өкінішке қарай автономияның ғұмыры ұзаққа созылмайды.

«Расымен-ақ, Алаш арыстарын көп еске ала бермейміз. Әсіресе, Мұстафа Шоқайды. Моноспектакльден тамашалағанымыздай, ол кісі сыртта көп жүрген. Десе де, қазақ халқы мен түбі бір түркі халқының азаттығы үшін күрескендігін түсіндік. Актриса Күнсұлу Шаяхметоваға дән ризамын. Мәрия апайымыздың ішкі жан-дүниесін тебірікте жеткізді. Қойылым кезінде көзіме жас та келді, жігерлендім де. Жастарымыз осындай спектакльді тамашалап, ерік-жігері оянса екен», – дейді көрермен Құралай Ағыбаева.

Драма-диалог шебер сахналанған. Онда көне жазу үстелі мен айнасы бар трюмо орналасқан. Үстелдің үстіндегі жазу машинкасы, кітаптар мен Мұстафаның суреті көрермен назарын бірден аударып әкетеді. Режиссер осы реквизит заттарына жан бітіріп, Мәрияның көңіл күйін беруде әсерлі ойнатқан. Сондай-ақ, бір бөлігінде фортепиано орналасқан. Режиссер Мәрия апайдың әншілік қабілетін ескеріп, арасында біраз әндер орындатқан. Осы себептен болар, қойылым көптің көңілінен шықты.

«Кезінде монопесаларға конкурс жариялаған едік. Сол кезде бұл спектакль жү-

регімізге біртабан жақын болды. Бүгінгі жастар көп біле бермейтін Мұстафа Шоқайдың еңбегі, қызметі оның көзін көріп, жанында жүрген Мәрия Шоқайдың естелігі негізінде жазылған. Өздеріңіз жанрына қарасаңыздар, драма-диалог деп берілген. Көрерменмен сұхбат түрінде жасалып отыр. Біздің басты мақсатымыз – Мәрия апайымыз арқылы Мұстафа Шоқайдың портретін беру. Оның күрескерлік бейнесін осы естеліктер арқылы таныту. Осы ретте Мұстафа Шоқай жайлы неге жеке спектакль қойылмады деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол жерде тарихи деректерге қарағанда автордың ойынан шығарылған дүниелерге назар аударулы мүмкін. Сол себептен, ұлы тұлғалар жайлы жазарда не айтарда бұрмалаудан аулақ болу қажет. Ал бұл спектакль Мәрия апайымыздың естелігінен жазылғандықтан, шындыққа біртабан жақындағым бар деген тұжырымға келдік», – дейді спектакль режиссері Әубәкір Рахимов.

Осы ретте Түркістан автономиясы құлағаннан кейін, Шоқайды ұстау үшін Кеңес өкіметі оның басына бір миллион рубль тігеді. Мұстафа қашып жүріп Ташкентке барады. Одан кейін Бакуге, кейін Тбилисиге келеді. Тбилиси кеңес үкіметінің қолына өткен соң, Түркияға барып бас сауғалайды. Бірақ түрік елінде тұрақтап қала алмайды. Ақыры Франция астанасы Парижден бір-ақ шыққан сәттері суреттеледі. Қуғынға ұшыраған кездерде де Мұстафа өз рухынан танбай, ел үшін ерінбей еңбек етеді.

«Біз Мұстафа Шоқайдың жерлес-теріміз. Ол кісінің ұрпақтарымыз десем, артық айтпағанымыз болар. Маған қойылым ерекше ұнады. Басқаларына қарағанда орны бөлек. Естімеген тың ақпараттарды естідік. Мәрия апайымыз қиын кезеңдерде Мұстафа ағамызға адал жар, әрі қолдаушысы болғанын байқадық. Менің тұңғышымының есімін Мұстафа ағамыздың рухына арнап атаған едік. Ол кісінің қазақ халқына қалдырып кеткен туындылары кейінгі буында да жететініне сенімдімін», – дейді көрермен Ержан Төлеген.

Мұстафа Шоқай 21 жыл бойы Еуропада эмиграцияда жүреді. Мәрия апайымыз Алаш зиялысының жан-тәнімен жақсы көретін туған елін тастап кетуі оңай соқпағандығын атап өтеді. Осыған қарап-ақ елінен жырақта жүрсе де, қазақтың бостандығы үшін күресіп өткенін байқауға болады. Еуропада жүріп, бүкіл әлем назарын Түркістан проблемасына аудартуға тырысады. Мәрия Түркия мен Франция мемлекеттерінде бастан кешкен тұрмыстық қиындықтарын да жасырмай жазады. «Мен театрдан келе салып, ертеңгі күнгі таңертеңгі асты әзірлеймін немесе шөллек пісіретінімін. Мұстафа саяси жұмыстардан қолы тимесе де, көкөністерді аршып, турап, дастарханды жайып, маған көмектесетін», – деп Мұстафаның суретін кеудесіне басып, аялай сипалайды. Қайраткер Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мұсылмандардың құқығын қорғаймын деп концлагерьге аттанып, кейіннен сол жерде ауруға шалдығып, өмірден озған сәтімен ақталады. Бұдан бөлек, театр мұражайында Мұстафа Шоқайға арналып көрме ұйымдас-тырылды. Көрмеге оның суреттері мен шығармалары қойылған.

Газетіміздің келесі саны 9 шілде, сенбі күні шығады.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487,71 теңге

\$ USD/KZT 466,44 теңге

₽ RUB/KZT 8,56 теңге

¥ CNY/KZT 69,65 теңге